

## Екінші деңгейдегі банктердің тазартылған құйма алтынмен және күміспен экспорттық операциялары бойынша есебінің нысанын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2011 жылғы 25 қарашадағы № 191 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 25 қаңтарда № 7396 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 259 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

«Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы» Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімін орындау жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 120 Жарлығына сәйкес, екінші деңгейдегі банктердің тазартылған құйма алтынмен және күміспен экспорттық операцияларына бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

**Б а с қ а р м а с ы** **қ а у л ы** **е т е д і :**

1. Екінші деңгейдегі банктердің тазартылған құйма алтынмен және күміспен экспорттық операциялары бойынша есебінің нысаны осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Тазартылған құйма алтынмен және күміспен экспорттық операциялар бойынша есепті тазартылған құйма алтынмен және күміспен экспорттық операцияларды жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер жасайды және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, электрондық түрде «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қаржылық автоматтандырылған ақпарат тасымалдау жүйесі (ҚААТЖ) арқылы ұ с ы н а д ы .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

« К Е Л І С І Л Д І »  
 Қазақстан Республикасының  
 Статистика агенттігі  
 Ж.Ә. Жарқынбаев

Төрағасының м.а.  
 2011 жыл 23 желтоқсан

Қазақстан Республикасының  
 Ұлттық Банкі Басқармасының  
 2011 жылғы 25 қарашадағы  
 № 191 қаулысына  
 қосымша  
 Нысан

-----  
 (екінші деңгейдегі банктің толық атауы)  
 тазартылған құйма алтынмен және күміспен  
 экспорттық операциялар бойынша  
 20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
 (айы)

есебі

Тауардың толық атауы	Импорттердің елі	Құймалар саны	Салмағы (унция)	Химиялық таза массасы (унция)	Сатылған сомасы**
1	2	3	4	5	6
Тазартылған алтын					
Тазартылған күміс					

\* Мәліметтер есепті айда тазартылған құйма алтын мен күмісті экспорт кедендік рәсімімен орналастыру үшін кеден органы 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен шығарған операциялар бойынша ұсынылады.

\*\* Сомасы сатылу валютасында, валюта түрін көрсете отырып беріледі.

Бірінші басшы (ол жоқ болғанда  
 - оның орнындағы тұлға) \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_  
 Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_  
 Орындаушы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_  
 Телефоны \_\_\_\_\_  
 Мөр орны \_\_\_\_\_